

тіліндегідей тұлғада жазбай, қазақтың халық тіліндегі айтылу заңына бейімдеп жазылуын жақтаған. 3) Ғалым сөздіктерінің реестрінде кездесетін екі құрамды, үш құрамды не төрт құрамды тіркестерді аударғанда сөзжасам амалдарын қолдану арқылы байырғы сөздерді сарқа пайланған. 4) Үнді-европа сөздерін сөз еткенде ғалым түсіндірудің неше түрлі амалдарын пайдаланған (вариант арқылы, жақша арқылы, сипаттама түрі арқылы түсіндіру т.б.). Құрамында тірек сөздері бар тіркестерден жасалған атауларды сәтті аударып отырған. Көптеген тіркестерге негіз болған тірек сөздер нақты түрде анықталды (таяныш мектеп, ересектер мектебі, жатақты мектеп, басқыш мектеп, орта дәрежелі мектеп).

Ғалымның еңбектерінде өзі жасаған біраз терминдер анықталып көрсетілді. Мысалы, жатақты мектеп (мектеп-интернат), екілену (тәштиттену), буылтықсыз тегіс, тас қалам (грифель), азықшы (повор), гулеме (сквозняк), ауыр әскер, ардықты мүше (почетный член), көмекші мүше (рядовой член), шын мүше (действительный член). Мұндай жаңа сөздер әсіресе ғалымның биология, медицина саласы бойынша жазған еңбектерінде де мол кездеседі. Мысалы, бұташық, бүршікшік, жапырақшық, көпіршік, сабақшық, күн-қабақ дәні, кербез сал шешек, бұхырлау (дезинфекция), жарық жүйкесі (зрительный нерв), бақлашақ (фаланга), обқыр (фагоцит), жалған аяқ (ложная ножка), т.б.

1920 жылдары термин жасау, қабылдауда негізінен екі қағида қолданылды. Біріншісі-ана тілінің ішкі мүмкіншіліктерін барынша сарқа пайдалану. Екіншісі, тілімізде жоқ, ойда жоқ ұғым атауларын сөздерді орыс тілінен тікелей алу және орыс тілі арқылы енген халықаралық терминдерді аударып не аудармай алу арқылы толықтырудың болғандығы айқындалып, бұл құбылыстың Халел тілінде де кездесетіндігі айтылды. Бұрыннан қолданылып келе жатқан төл жұрнақтарымыздың бірқатары жаңа сөз жасауда сөзжасамдық қызметі артып, актив түрде қолданылуы осы 1920-жылдардан басталғандығы айтылды. Бұл кезеңдегі аффикстердің қолдану аясы қызметі басқа кезеңдермен салыстырғанда өте жоғары болғандығы байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1982.
2. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1988.
3. Құрманбайұлы Ш. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминге айналуы// ҚРҒМ-ҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1996. N5-6; Термин шығармашылығындағы шарттылық// Қазақ тілі мен әдебиеті, 1998.
4. { Х.Досмұхамедұлының Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде емле, термин туралы сөйлеген сөзі }// Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор: Кирг.гос.из-во, 1925.
5. Сарыбаев Ш. Тіл білімпазы// Халел тағылымы. (Республикалық ғылыми теориялық мәслихат материалдары). – Алматы: Ғылым, 1994.
6. Халел тағылымы. (Республикалық ғылыми-теориялық мәслихат материалдары). – Алматы: Ғылым, 1994.
7. Мектептегі А. Халел Досмұхамедұлы және әдебиеттану мәселелері// Халел тағылым. – Алматы: Ғылым, 1994.

Біләлова Ж.С., Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Машина жасау факультеті, КОМ-19-1 тобы, магистрант

(Ғылыми жетекшісі – х.ғ.к., доцент Нурмағанбетова М.С.)

РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫНА ӘСЕРІ

Қазіргі заманда Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін жаңарту елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайымен, заманауи педагогикалық ғылымның даму тенденцияларымен, білім берудің мақсаттары мен міндеттерінің өзгеруімен, мазмұнының жаңаруымен және оны жүзеге асырудың тұлғалық-бағдарлық технологияларын енгізумен сипатталады.

Бүгінгі күні білім беру жүйесіне қойылған талаптар оның мүлде жаңа парадигмасын жасауды қажет етеді. Өйткені өмір сүріп келе жатқан жүйе үнемі даму үстінде болып отырған қоғамның сұраныстарына жауап бере алмайды. Оның үстіне білім деңгейлері арасындағы сабақтастық үзіліп, жалпы орта білім беру мен жоғары білім жеке құрылымдар ретінде өмір сүріп келді. Бұл жағдай өз кезегінде мектеп бітірушілерді жоғары оқу орнында білім алу үшін қосымша даярлау тәрізді артық жүйенің ресми емес түрде пайда болуына алып келді. Міне,

осындай жағдайлар мектеп бітірушілерде өзінің болашағын жоспарлауда таңдауының бұлдырлығын тудырды.

Жастардың кәсіпті саналы таңдауға мақсатты түрде дайындау ерекше маңызға ие, өйткені бұл болашақ нәтижелі еңбектің кепілі деп есептеуге болады. Осылайша, қоғамның орта мектепке әлеуметтік тапсырысы қазіргі уақытта тек қана белсенді, жоғары мәдениетті және білімді адамдарды ғана емес, сондай-ақ қоғамның кәсіби айқындалған мүшелерін де дайындауды талап етеді. Мұндай тәсіл еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес халықтың кәсіптік білім беру қызметтеріне деген сұранысын көтеретін және қолдайтын жастарға кәсіптік бағдарлау бағдарламаларын жасауды талап етеді.

Оқушылардың мамандық таңдау туралы шешім қабылдауын кәсіптік өзін-өзі анықтауын қалыптастыру процесін жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныптарында бастау қажет. Жастардың кәсіптер әлеміне табысты кіруі, бастапқы кәсіби қалыптасу және болашақ кәсіби қызметті саналы таңдау үшін оқу жоспарларында бейіндік оқытуды іске асыру көзделуі тиіс.

Қазақстанда сапалы бейінді оқытуды ұйымдастырудың тиімді құралдарының бірі бейіндік оқытудың ресурстық орталығы болып табылады.

Бейіндік оқытудың ресурстық орталықтары – бұл жаңа басқарушы механизмі. Ресурстық орталық – оқушыларды бейіндік оқыту мен бейіналды даярлықтарын ұйымдастырудың тиімді құралы. Ресурстық орталық желілік мектептердің кадрлық, материалды-техникалық, ғылымиәдістемелік мүмкіншіліктерін ескере отырып, олардың білім берудегі бейіндік және базалық сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Білім беру кеңістігіндегі желілік модельдердің құндылығы: әрбір желілік мектеп оқушыларды біршама бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие, қоғамның қажеттілігіне жауап беруге дайындап шығарады.

Бейіндік оқытуды үздіксіз кәсіптік білім берудің бірінші кезеңі ретінде қарастырылуы керек, бұл орта мектеп оқушыларының үздіксіз білім алуға немесе өз бетінше жұмысқа қатысты кәсіби мүдделеріне сәйкес кәсіби өзін-өзі анықтауға мүмкіндік береді. Айта кету керек, мысалы, мектеп оқушыларының белсенділік бағытын таңдауда өзін-өзі анықтауы еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келмейді. Сонымен қатар, қазіргі оқушылар, көбінесе, олардың пікірінше, жоғары табыс немесе әлеуметтік беделге ие болатын қызмет түрлерін бағалайды.

Бейіндік оқыту ресурстық орталық мектептерінде білім беруді дамытуда өзекті және маңызды қадам болып табылады.

Бейіндік оқыту – саралай және даралай оқытудың құралы, білім беру үдерісінің құрылымында, мазмұны мен ұйымдастыруында өзгертулер енгізе отырып, оқушылардың қызығушылықтарын, қабілеттері мен бейімділіктерін ескеретін, жоғары сынып оқушыларының бейіндік қызығушылықтарына және таңдаған бағыттарына білімді жалғастыруына сәйкес оқыту жағдайларын жасау [1, б. 93].

Бүгінгі таңда бейіндік білім берудің ресурстық орталығы - бұл сынақтан өткен материалдық-техникалық базаны жақсартуды, өңірдің жоғары оқу орындарымен, кәсіпорындарымен әлеуметтік серіктестік желісін дамытуды қамтамасыз ететін мектептердің желілік өзара іс-қимыл моделі.

Бейіндік оқытудың ресурстық орталығы жағдайында бейіндік оқытудың табыстылық критерийлері желілік мектептерде білім сапасын арттыру; бейіндік пәндер, экономика және менеджмент, тамақтану және қызмет көрсету саласы, көлікке қызмет, журналистика, қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар саласындағы оқушылардың қажеттіліктері бойынша білім беру қызметтерінің кең спектрі; кәсіби және жоғары оқу орнына дейінгі дайындық, кәсіптік өзін-өзі анықтау және ЖОО мен болашақ мамандықты саналы таңдау болып табылады.

Әрбір желілік мектепті белгілі бір дәрежеде бәсекеге қабілетті, қоғамның, мемлекеттің, нақты оқушының қажеттіліктеріне жауап бере алатындығы осы желілік моделдің құндылығы болып табылады.

Бейіндік ресурстық орталықтарының артықшылығы:

- білім беру үдерісі мазмұнының вариативтілігі, оқушылардың және еңбек нарығының қажеттіліктеріне бағытталған білім беру қызметтерінің кең спектрі;
- көпбейінділікті қажет етеді;
- бейіндік пәндер мен элективті курстарды таңдау үшін кең мүмкіндіктің болуы;
- оқушыларды индивидуалды оқу жоспарлары бойынша оқыту үшін жағдайлардың жасалуы;
- ауыл мектептерін жеке білім беру мекемелері ретінде сақтауға мүмкіндік беруі;

– мектеп және ЖОО білім беру ортасында жаңа ақпараттық білім беру ортасын құру болып табылады [2, б. 179].

Бейіндік оқытудың ресурстық орталықтарының білім беру ортасы және жоғары оқу орны, біліктілігі жоғары педагогикалық оқытушылардың бар болуы, орта және жоғары білімнің интеграциясы – бұл еліміздегі сапалы білім берудің сәтті жүзеге асуының кепілі.

Әлеуметтік серіктестік білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасын, оқушылар мен педагогтар үшін олардың кадрлық және ақпараттық ресурстарын пайдалану жолымен еңбек нарығының сұранысын ескере отырып, оқушылардың қажеттіліктері бойынша білім беру қызметтерінің спектрін кеңейтуді жүзеге асыру құралы болып табылады.

Ресурстық орталықтың жоғары оқу орындарын дамыту басымдықтарына бағдарлануы оның білім беру қызметтерінің мазмұнындағы жаңа бағыттарды анықтайды. Жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық барлық мектептер үшін бейіндік пәндерді оқытудың сапалы деңгейін және оқушылардың жеке шығармашылық жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, жоғары оқу орнына дейінгі даярлаудың, ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындаудың, жоғары оқу орындарының элементтерін пайдалана отырып қашықтықтан оқытудың тиімді жүйесін жасайды.

Желілік жобаны пайдалану фактісінің өзі экономикалық, әлеуметтік нәтиже ретінде қарастыруға болады. Өңірлік білім беру жүйесі үшін желілік жоба - бұл қалалық білім беру жүйесінің қолда бар ресурстарын тиімді пайдалану, басқаруды оңтайландыру, мектептердің даму режиміне көшуі.

Осылайша, бейіндік оқыту ресурстық орталығы:

- педагогтар үшін кәсіби және мансаптық өсуді;
- оқушылар үшін - сапалы білім беру қызметтерін алу үшін тең мүмкіндіктер, зерттеу қызметінің тәжірибесі, кәсіптік өзін-өзі анықтау, жоғары оқу орнына дейінгі және кәсіби дайындықты;
- ата-аналар үшін білім беру сапасына қанағаттанушылық, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы, мектепті бірлесіп басқаруға қатысуды;
- желілік мектептердің басшылары үшін білім сапасын және мектептің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, мұғалімнің кәсіби өсуін;
- қалалық білім беру желісі үшін қалалық білім беру жүйесінің қолда бар ресурстарын тиімді пайдалану және оны басқаруды оңтайландыруды қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқатаев А.А. Бейіндік оқытуды ұйымдастыру: Оқу құралы.- Қарағанды. 2009. - 93 б.
2. Кенжебай Р., Нурмағанбетова М.С. Бейіндік пәндер шеңберінде оқушылардың өзіндік анықтау бойынша бейіндік оқыту ресурстық орталығының жұмысын жетілдіру: «Ғылым, білім және өндіріс интеграциясы – Ұлт жоспарын іске асырудың негізі» (№ 10 Сағынов оқулары) Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының еңбектері. - Қарағанды: ҚарМТУ. 2018. - 179 б.

Болат А.Ә., Қарағанды Экономика, бизнес және құқық колледжі, экономика факультеті, У-21к тобы, студент.

(Ғылыми жетекшісі – Мамырханова А.С.)

МӘНГІЛІК ЕЛ – ЖАСТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҒЫ МЕН ПАТРИОТТЫҒЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының негізін қалаған Тұңғыш Президентіміз өзінің «Тәуелсіздік дәуірі» кітабының төртінші бөлімінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын қалыптастыруға ерекше мән береді. Осыған орай Елбасы: «Біз қазақстандықтар, біртұтас халықпыз және біздің бәрімізге ортақ тағдырымыз бар – бұл біздің Мәңгілік ел, біздің даңқты Қазақстан» - деген тұжырымдама жасайды.

Н.Ә. Назарбаев – «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасын алғаш рет 2014 жылғы 17-қаңтарда Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандық жол-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында баяндап, негіздеп берді. Шын мәнінде, бұл – мемлекеттің халқымыздың көпғасырлық арманына ғана емес, сонымен қатар тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстанның өркендеуінің нақты нәтижелеріне негізделген ұлттық идеясы және мемлекеттік идеологиясы. Демек, аталған Жолдау өзінің өзгеше маңыздылығымен, атап айтқанда, ақыл-ой дамуының